



ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

05.07.2022ж. №7

Талдықорған қаласы

город Талдықорған

**Құрбан айт мейрамын мерекелеу кезінде
Алматы облысы тұрғындарының
санитариялық-эпидемиологиялық
салауаттылығын қамтамыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 5-тармағына және 39 бабына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 102 және 104 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында, оның ішінде Алматы облысында, COVID-19 коронавирустық инфекция (*бұдан әрі-COVID-19*) сырқаттанушылықтың жоғарылауымен байланысты, сондай-ақ Құрбан айт мерекесі кезеңінде 2022 жылғы 08-11 шілде аралығында Алматы облысының тұрғындары арасында COVID-19 және жіті ішек инфекцияларының таралуына жол бермеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы облысының қалалары мен аудандарының әкімдері, Алматы облысының полиция департаменті, Алматы облысының дін істері басқармасы, ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы, Алматы облысының бас имамы қамтамасыз етсін:

1) малды автомашиналардан және жеке меншік үй иеліктерінен өткізуге тыйым салу;

2) ветеринариялық қызметтің ресми ветеринариялық-санитариялық қорытындысын алған сою пункттері мен алаңдарда (ветеринариялық қызмет бекіткен тізбеге сәйкес аудандардағы сою пункттері, алаңдар) мал союды және өткізуді ұйымдастыру;

3) мал союды ветеринариялық анықтама болған жағдайда ғана жүргізу;

4) облыстың барлық аумағындағы сою пункттерінде күшейтілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау;

5) Qurban2022.kz сайтқа өтінім бере отырып, онлайн режимде құрбандық шалуды ұйымдастыру мүмкіндігі туралы халықпен түсіндіру жұмысын жүргізу;

6) тоңазытқыш жабдықтардың, рефрижераторлардың және жеке қорғаныш құралдарының қажетті санын қамтамасыз ете отырып, мұқтаж адамдарға тез бұзылатын өнімдерді (құрбандыққа шалынған малдың етін) тасымалдау және сақтау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық қағидалардың талаптарын сақтау;

2. Жіті ішек инфекцияларының және тамақтан уланудың алдын алу мақсатында Алматы облысының тұрғындары мен қонақтарына ұсынылады:

1) қоғамдық тамақтану объектілерінде (тойхана, мейрамханалар, дәмханалар, асханалар, мешіттер және т. б.) және салттық іс-шараларды өткізу бойынша қызмет көрсететін объектілерде әртүрлі іс-шараларды өткізу кезінде үйде дайындалған тағамдарды пайдаланбау;

2) тез бұзылатын өнімдерді тек суық жағдайда ғана сақтау. Азық-түлік өнімдерін, әсіресе сүт, салаттар сатып алғанда, жарамдылық мерзіміне, шығарылған күніне назар аударыңыз, дайындалған тағамды бөлме температурасында 2 сағаттан артық қалдырмау;

3) тек таза қаптаманы (полиэтилен, тамақ өнімдеріне арналған контейнерлер және т. б.) пайдалану, қоқыс пен тамақ қалдықтарын жинамау, шыбындар мен тарақандардың пайда болуына жол бермеу;

4) кездейсоқ адамдардан немесе санкцияланбаған сауда орындарынан тамақ өнімдерін сатып алмау;

5) жаңа дайындалған тағамды алдыңғы күннің қалдықтарымен араластырмау, бірақ егер дайын тағам келесі күнге қалса, онда оны қолданар алдында термиялық өңдеуден өткізу (қайнату немесе қуыру).

6) тұрғын үйді үнемі таза ұстау және жеке гигиена ережелерін сақтау, кішкентай балаларға қайнатылмаған сүт, шикі жұмыртқа бермеу, тамақ дайындау үшін тек жаңа өнімдерді пайдалану.

3. Алматы облысының қалалары мен аудандарының әкімдері, Алматы облысының полиция департаменті, Алматы облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармалары осы қаулы талаптарының сақталуын күшейтілген бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы 2022 жылғы 7 шілдеден бастап күшіне енеді.

Алматы облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



Е.Сыдыманов